

КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарынан жиналған
пікіртерім нәтижелері

2024 жылғы I тоқсан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Ақша-кредит саясаты департаменті




МАЗМҰНЫ

- I. Мониторингке қатысушылар құрамының динамикасы (3-бет)
- II. Дайын өнімге сұраныс динамикасы (4-бет)
- III. Нақты секторда бағаның өзгеруі (5-бет)
- IV. Өндіріс көлемі (6-бет)
- V. Баланс құрылымы: активтер (7-бет)
- VI. Баланс құрылымы: пассивтер (8-бет)
- VII. Инвестициялық белсенділік (9-бет)
- VIII. Айналым қаражатын қаржыландыру көздері (10-бет)
- IX. Бизнесі жүргізудегі кедергілер (11-бет)
- X. Қаржылық-экономикалық көрсеткіштердің өзгеруі (12-бет)
- XI. Кәсіпорындардың қаржылық жағдайын бағалау (13-14 бет)
- XII. Банк жүйесінің экономиканың нақты секторына әсері (15-17 бет)
- XIII. Кәсіпорындардың сыртқы экономикалық қызметі (18-бет)
- XIV. Валюта бағамы өзгеруінің әсері (19-бет)
- XV. Композиттік озыңқы индикатор (20-бет)
- XVI. Әдіснамалық түсініктеме (21-бет)


МОНИТОРИНГКЕ ҚАТЫСУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

2024-жылғы 1-тоқсанда іріктеменің өңірлік құрамы




2024 жылғы 1-тоқсанда респонденттер саны өткен тоқсанмен салыстырғанда 2 кәсіпорынға ұлғайып, **3388** болды.

Мониторингке қатысушылардың өлшем құрамы



Мониторингке қатысушылардың салалық құрамы




Тау-кен өндіру өнеркәсібі
Көлік және қойма
Басқалар
Сауда

Ауыл шаруашылығы
Құрылыс
Өңдеу өнеркәсібі

ДАЙЫН ӨНІМГЕ СҰРАНЫС ДИНАМИКАСЫ

Дайын өнімге сұраныс, ДИ*

	2021				2022				2023				2024	
	I-тоқ.	II-тоқ.	III-тоқ.	IV-тоқ.	I-тоқ.	II-тоқ.	III-тоқ.	IV-тоқ.	I-тоқ.	II-тоқ.	III-тоқ.	IV-тоқ.	I-тоқ.	II-тоқ.*
Кәсіпорындардың жауабы, %														
Ұлғаю	16,4	24,1	24,2	24,4	17,4	24,2	25,8	24,0	17,0	22,5	21,6	20,2	14,1	19,2
Өзгеріссіз	51,5	53,1	55,7	55,1	53,7	54,5	54,6	53,7	54,5	55,7	57,3	56,4	58,8	41,9
Төмендеу	28,5	19,1	16,4	17,3	25,4	17,8	15,9	18,2	23,9	17,5	17,0	19,2	22,7	7,9
Білмеймін	3,6	3,7	3,8	3,2	3,5	3,5	3,7	4,1	4,6	4,3	4,1	4,2	4,3	31,0
Диффузиялық индекс = 1-жол+0,5*(2-жол+4-жол)	43,9	52,5	53,9	53,6	46,0	53,2	54,9	52,9	46,5	52,5	52,3	50,5	45,7	55,6
ДИ, маусымдық өзгерістерден тазартылған*	50,2	50,6	51,0	52,0	52,2	51,5	52,2	51,3	52,6	51,0	49,8	49,3	51,4	53,8



2024 жылғы 1-тоқсанда нақты секторда дайын өнімге сұраныс шамалы өсті. Диффузиялық индекс (бұдан әрі – ДИ) **51,4** болды. Көрсеткіштің жеделдеуі тауар өндіру (ДИ – 52,1) секторында және қызмет көрсету (ДИ – 50,6) секторында байқалды.


Кәсіпорындардың күтулері бойынша 2024 жылғы 2-тоқсанда дайын өнім мен қызмет көрсетуге сұраныстың өсу қарқыны жеделдейді (ДИ = **53,8**).

* ДИ 50 деңгейінен қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін білдіреді;


** Графиктерде кәсіпорындардың 2024 жылғы 2-тоқсанда параметрдің өзгеруі бойынша күтулері келтірілген.

НАҚТЫ СЕКТОРДА БАҒАНЫҢ ӨЗГЕРУІ


Дайын өнімнің бағасы, ДИ*



Шикізат пен материалдар бағасы, ДИ*



Баға белгілеу факторларының маңыздылығын бағалау, жауаптар %-бен



2024 жылғы 1-тоқсанда кәсіпорындардың дайын өнімдері, сондай-ақ шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқыны жалпы экономика бойынша баяулады (ДИ тиісінше 57,0 және 68,9 болды).


Кәсіпорындардың басым көпшілігі үшін дайын өнімге баға белгілеу кезінде шикізат пен материалдар бағасы (кәсіпорындардың 80,3%-ы үшін) және сұраныс (79,0%) неғұрлым маңызды фактор болып табылады.

2024 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындар дайын өнімнің (ДИ = 55,4) және шикізат пен материалдар бағасының (ДИ = 64,2) өсу қарқынының баяулауын күтуде.

ӨНДІРІС КӨЛЕМІ

Өндірістік қуат жүктемесі

(кәсіпорындар үлесі, %)




2024 жылғы 1-тоқсанда кәсіпорындардың өндірістік қуатының жүктемесі (ӨҚЖ) 2023 жылғы 4-тоқсанның деңгейінен аздап жоғары қалыптасты. ӨҚЖ орташа алынған* деңгейі **55,5%-ды** құрады. **Соңғы 5 жылдағы орташа алынған ӨҚЖ деңгейі 54,0% болды.**

2024 жылғы 1-тоқсанда дайын өнімді (жұмыс, қызмет) өндіру көлемінің жағдайы жақсарды. ДИ **51,2** болды.

2024 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындар өндіріс көлемінің өсу қарқыны жеделдейді деп күтуде. Күтулер бойынша ДИ **52,9** болды.

Өндіріс көлемі өзгеруінің ДИ**




*Орташа арифметикалық мөлшерлеу – бұл кәсіпорындар үлесі бойынша мөлшерленген аралықтың орташа мәні.

** ДИ 50 деңгейінен қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), ДИ=50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді


***Диаграммада берілген ӨҚЖ және «ДИ өндіріс көлемінің өзгеруі» маусымдық факторды қоспай ұсынылды

БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: АКТИВТЕР


Активтер құрылымы



Қысқа мерзімді активтер құрылымы



Активтер айналымдылығының көрсеткіші



2024 жылғы 1-тоқанда экономиканың нақты секторы компаниялары активтерінің құрылымында қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтердің үлесі аздап өзгеріп, **33,5%** және **66,5%** болды (2023 жылғы 4-тоқанда – тиісінше 32,4% және 67,6%). Активтердің айналымдылығы* **13,9%-ға** дейін, айналым қаражатының айналымдылығы** – **41,6%-ға** дейін төмендеді.


Қысқа мерзімді активтердің құрылымында өткен тоқанда дебиторлық берешектің үлесі **37,6%-ға** дейін артты (2023 жылғы 4-тоқанда – 37,0%), ал қорлардың үлесі 22,5% деңгейіне дейін аздап төмендеді (2023 жылғы 4-тоқанда 23,5 %).

* Активтер айналымдылығы= Өнімді сатудан кіріс/ Активтер*100


** Айналым қаражатының айналымдылығы= Өнімді сатудан кіріс/ Қысқа мерзімді активтер*100

БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: ПАССИВТЕР


Пассивтер құрылымы




Ұзақ мерзімді міндеттемелер құрылымы



Қысқа мерзімді міндеттемелер құрылымы



Мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындардың үлесі




2024 жылғы 1-тоқсанда пассивтер құрылымында қысқа мерзімді міндеттемелердің үлесі **24,2%-ға** дейін ұлғайғаны, сондай-ақ ұзақ мерзімді міндеттемелердің үлесі **26,6%-ға** дейін және меншікті капиталдың **49,2%-ға** дейін төмендегені байқалды. Қысқа мерзімді міндеттемелер құрылымында қысқа мерзімді кредиторлық берешектің үлесі 2023 жылғы 4-тоқсандағы 46,2%-дан 2024 жылғы 1-тоқсанда 45,0%-ға дейін төмендеді.

Теңгерімінде мерзімі өткен дебиторлық берешегі бар кәсіпорындардың үлесі **23,9%-ға** дейін ұлғайды, кредиторлық берешегі бар кәсіпорындардың үлесі **21,0%-ды** құрай отырып, шамалы ұлғайды. Бұл ретте банктердің қарыздары бойынша мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындардың үлесі **6,3%** деңгейге дейін төмендеді.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК

Негізгі құрал-жабдықтарды қаржыландыру көздері



Бұрынғыдай, кәсіпорындардың көпшілігі негізгі құрал-жабдықтарын және айналым қаражатын қаржыландыру үшін меншікті қаражатын пайдаланады (тиісінше 72,6% және 90,1%).

Бұл ретте, негізгі және айналым қаражатын банктердің қарыздары есебінен қаржыландыруды жүзеге асырған кәсіпорындардың үлесі төмендеді (тиісінше 7,2% және 16,1% дейін).


Негізгі және айналым қаражатын қаржыландыруды жүзеге асырмаған кәсіпорындардың үлесі тиісінше 36,5%-ға дейін және 21,0%-ға дейін ұлғайды.

Айналым құрал-жабдықтарын қаржыландыру көздері



АЙНАЛЫМ ҚАРАЖАТЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

Айналым қаражатын қаржыландыру көздері



Айналым қаражатын қаржыландыру үшін кәсіпорындардың көпшілігі (90,1%) меншікті қаражатын пайдаланды, оның 46,0%-ын - пайда және 44,2%-ын - акционерлердің/қатысушылардың меншікті қаражаты құрады. Осы мақсатта қарыздарды кәсіпорындардың 16,1%-ы пайдаланды (оның 7,9%-ы бұрын ашылған кредит желісі бойынша траншты, 8,3%-ы - Қазақстан банктеріндегі және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардағы қарыздарды пайдаланды).

Графикте көрсетілгендерден басқа қаржыландырудың өзге көздерінің ішінде кәсіпорындар сатып алушылардан аванстарды, қаржылық көмекті, топішілік қарыздарды (негізгі компания мен филиалдар арасындағы) және субсидияларды көрсетті.

БИЗНЕСТІ ЖҮРГІЗУДЕГІ КЕДЕРГІЛЕР

Кедергілерді атаған кәсіпорындардың үлесі



2024 жылғы 1-тоқсандағы пікіртерімдердің нәтижелері бойынша кәсіпорындардың 31,4%-ы үшін нарықтық бәсекелестік бизнесті жүргізуге кедергі болып табылады (2023 жылғы 4-тоқсанда мұндай кәсіпорындардың үлесі 30,4% болды). Сондай-ақ, респонденттер Қазақстан экономикасының жай-күйін (30,9%) атап өтті және сауалнамаға қатысқан респонденттердің 26,5%-ның (2023 жылғы 4-тоқсанда – 23,7%) пікірінше, Қазақстандағы экономикалық жағдай 2024 жылғы 1-тоқсанда нашарлады, ал 68,0%-ы бұл өзгермеген деп санайды.

Нарықтық бәсекелестік пен экономика жағдайынан басқа кәсіпорындар үшін маңызды факторлар салық ауыртпалығының деңгейі (28,1%), білікті кадрлардың жетіспеушілігі (26,3%), сатып алушыларды іздеу (25,1%), лицензия/рұқсатнамалар алудың қиындығы (16,6%), дебиторлық берешекті қайтарудың қиындығы (14,9%), және **маңыздылығы бойынша 8-орында тұрған қаржыландыруға қол жеткізу (14,4%)** барынша маңызды.


Басқа кедергілер ретінде кәсіпорындар табиғи катаклизмдерді, қарыздар бойынша жоғары пайыздық мөлшерлемелерді, Ресей Федерациясына қатысты санкцияларды, әлемдегі геосаяси жағдайды көрсетті.

ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ӨЗГЕРУІ

2024 жылғы 1-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі кәсіпорындардың орташа* сату рентабельділігі** төмендеп, 35,4% болды. Өңдеу өнеркәсібіндегі көрсеткіш – 21,2% болды. Жалпы экономика бойынша орташа сату рентабельділігі **22,9%-ға жетті**.

Жылды пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі **45,5%** (2024 жылғы 4-тоқсанда – 47,1%) болды, **9,7%-ы** жыл шығынмен аяқталады деп есептейді. Бұл ретте пікіртерімге қатысқан кәсіпорындардың **12,4%-ы** жылды теңгерімді бюджетпен (пайдасыз және зиянсыз) жабуды ойлайды, қалған **32,5%-ы** жылдың соңына қарай кәсіпорынның қаржылық жағдайына баға бере алмады.

Сату рентабельділігі*, %-бен



Қаржы жылын пайдамен/зиянмен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі, %



* Представлены средние медианные значения, поскольку они менее подвержены влиянию экстремальных выбросов в отличие от среднеарифметических

** Указана рентабельность продаж до вычета расходов по выплате процентов, налогов и амортизации


КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ

Кәсіпорындардың қаржылық жағдайының өзгеру динамикасы*, үлесі %-бен




2024 жылғы 1-тоқсанда кәсіпорындарды көлемі бойынша, сенімділік дәрежесі бойынша бөлу, үлесі %-бен


Ірі кәсіпорындар



Орта кәсіпорындар



Шағын кәсіпорындар



- Тұрақты
- Қалыпты
- Күрделі


Кәсіпорындардың қаржылық коэффициенттерін бағалауға негізделген дискриминанттық талдау нәтижелері бойынша 2024 жылғы 1-тоқсанда орнықты кәсіпорындардың үлесі **17,8%**-ға дейін азайды, қаржылық жағдайы күрделі кәсіпорындардың үлесі **29,0%**-ды құрап, өзгеріссіз қалды.

Егер көлемі жағынан қарайтын болсақ, шағын кәсіпорындар арасында қаржылық жағдайы күрделі кәсіпорындардың үлесі ірі (21,8%) және орта кәсіпорындармен (24,9%) салыстырғанда айтарлықтай көп (**34,8%**).

* Респондент кәсіпорындар дискриминанттық талдау нәтижелері бойынша қаржылық көрсеткіштерінің мәндеріне қарай сенімділік дәрежесі бойынша бөлінді. 22-слайдтағы әдістемелік түсіндірмені қараңыз.

КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ

2024 жылғы 1-тоқсанда кәсіпорындарды қызмет түрлері бойынша сенімділік дәрежесі бойынша бөлу*, үлесі %-бен




2024 жылғы 1-тоқсанда барлық салада кәсіпорындардың басым көпшілігінің қаржылық жағдайы орнықты немесе қалыпты болды. «Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет» саласындағы орнықты кәсіпорындардың үлесі басқа салаларға қарағанда көбірек (**28,6%**), ал «Жылжымайтын мүлікпен операциялар» саласында қаржылық жағдайы күрделі кәсіпорындардың үлесі (**40,5%**) басқаларға қарағанда көбірек. Сүмен жабдықтау ең тұрақты сала болып шықты, қаржылық жағдайы қалыпты кәсіпорындардың бұл саладағы үлесі **85,2%** болды.

Кредиттерге сұраныс

Банктердің кәсіпорындардың кредиттеуге берген өтініштерін қарауы



Кредит алуға өтініш берген, бірақ алмаған кәсіпорындар, үлесі %-бен




2024 жылғы 1-тоқсанда кредит алуға өтініш берген кәсіпорындардың үлесі 2023 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда өсті, пікіртерімге қатысқан кәсіпорындардың **21,1%-ы** кредит алу үшін банкке жүгінді (2023 жылғы 4-тоқсанда 18,1%), кәсіпорындардың 20,5%-ы кредит алды (немесе кредит алуға өтініш бергендердің 97,2%-ы). Кредит беруден бас тарту үлесі пікіртерімге қатысушылардың жалпы санынан 0,6%-ды (кредит алу үшін өтініш бергендер санынан 2,8%-ды) құрады.

БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ НАҚТЫ СЕКТОРҒА ЫҚПАЛЫ


Кәсіпорындарды бағалау бойынша борыштық жүктеме*, %

Борыштық жүктеме*	1%-20%	21%-30%	31%-40%	41%-50%	51%-60%	61%-70%	71%-80%	81% жоғары	борыш жоқ
Кәсіпорындар үлесі, %	19,3	10,0	5,9	4,0	3,4	1,2	1,1	0,0	55,0

Орташа өлшемді кредит жүктемесі, %



Өткен тоқсанда қарыз тарту мақсаты, %



2024 жылғы 1-тоқсанда пікіртерімге қатысқан кәсіпорындардың 55,0%-ында **борыш жоқ**. Кәсіпорындардың көпшілігінде (19,3%) борыштық жүктемесі* 20% шегінде. Борыштық жүктеменің арифметикалық орташа өлшемді** мәні **13,1%**-ды құрайды.


Кәсіпорындардың басым көпшілігі (**78,7%**) айналым қаражатын қаржыландыру үшін (материалдарды, шикізатты, жартылай фабрикаттарды және т.б. сатып алу), 12,7%-ы - негізгі құрал-жабдықтарды сатып алу үшін (ғимараттарды, құрылыстарды, көлік құралдарын, жабдықтарды сатып алу және т.б.) кредит алды. Қайта қаржыландыру мақсатына кәсіпорындардың 3,3%-ы, бизнесті кеңейтуге 1,6%-ы қарыз алды.

* Ай сайынғы төлем / Өнімді өткізуден түскен кіріс


** Арифметикалық орташа өлшемді – бұл кәсіпорындардың үлесі бойынша өлшемді аралықтың орташа мәні.

БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ НАҚТЫ СЕКТОРҒА ЫҚПАЛЫ

Баға шарттары




Баға емес шарттар




2024 жылғы 1-тоқсанда кәсіпорындарды кредиттеудің баға (кредит бойынша мөлшерлемелер деңгейі, қосымша комиссиялар мөлшері) және баға емес (кредиттің ең жоғары мөлшері мен мерзімі, қарыз алушының қаржылық жағдайына қойылатын талаптар, қамтамасыз етуге қойылатын талаптар) шарттары бойынша бағалау шамалы жақсарды, бірақ әлі де теріс аймақта қалып отыр.

Мониторингке қатысушылар алған кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлемелер теңгемен 17,1%-ды және шетел валютасымен 5,9%-ды құрады (өткен тоқсанда тиісінше 17,9% және 5,5%). Кәсіпорындардың пікірі бойынша, олар үшін теңгемен берілетін кредиттер бойынша қолайлы пайыздық мөлшерлеме 7,1%-ды, ал шетел валютасымен берілетін кредиттер бойынша – 3,3%-ды құрайды.

Теңгемен берілетін кредиттер бойынша мерзімдер мен мөлшерлемелер




Шетел валютасымен берілетін кредиттер бойынша мерзімдер мен мөлшерлемелер



КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ (СЭҚ)


Өткен тоқсанда СЭҚ жүзеге асыру, кәсіпорындар үлесі %-бен



Есеп айырысуда валютаны пайдалану, кәсіпорындар үлесі %-бен



Қызмет түрі бойынша СЭҚ жүзеге асыру, кәсіпорындар үлесі %-бен




2024 жылғы 1-тоқсанда респонденттердің **25,4%-ы** өз қызметін жүзеге асыру үшін өнімдерді импорттады, **6,3%-ы** экспорттады, **11,9%-ы** өнімдерді экспорттады және импорттады, ал басым көпшілігі (**56,4%**) сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асырмады. Экспорттаушы кәсіпорындардың ең көп үлесі тау-кен өндіру өнеркәсібіне (**22,8%**), импорттаушылар – саудаға (**41,8%**) тиесілі. СЭҚ жүзеге асырған кәсіпорындардың ең көп үлесі өңдеу өнеркәсібінде.

Шетелдік әріптестермен есеп айырысуда экспорттаушылар АҚШ долларын (**экспорттаушылардың 74,5%-ы**) жиі пайдаланады, импорттаушылар Ресей рублін (**импорттаушылардың 81,9%-ы**) көбірек пайдаланады. Есеп айырысуда пайдаланылатын басқа валюта ретінде кәсіпорындар еуро, британдық фунт стерлингті, швейцариялық франкті, Қырғыз сомын және Түрік лирасын көрсетті.

ВАЛЮТА БАҒАМЫ ӨЗГЕРУІНІҢ ЫҚПАЛЫ


Валюта бағамы өзгеру әсерінің динамикасы, ДИ*



Айырбастау бағамының 2024 жылғы 1-тоқсанда экспорттаушылардың шаруашылық қызметіне әсері




Айырбастау бағамының 2024 жылғы 1-тоқсанда импорттаушылардың шаруашылық қызметіне әсері



2024 жылғы 1-тоқсанда кәсіпорындардың шаруашылық қызметіне АҚШ доллары, еуро және Қытай юані және рубль бағамының өзгеруінің кері әсері азайды. Кәсіпорындарға теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамының өзгеруі неғұрлым кері әсер етті. Кәсіпорындар өзінің шаруашылық қызметіне ең аз кері әсерін CNY/KZT бағамының өзгеруінен сезінеді.

КОМПОЗИТТІК ОЗЫҒҚЫ ИНДИКАТОР*



2024 жылғы 1-тоқсанда нақты сектор кәсіпорындары пікіртерімінің біріктірілген бағалауын білдіретін композиттік озыңқы индикатордың (КОИ) динамикасы нақты секторда экономикалық белсенділіктің жақсарғанын көрсетті. КОИ 100,3-ге дейін ұлғайды.

КОИ динамикасына сұраныс пен кредиттік белсенділіктің өсуі оң әсер етті, энергия тасымалдаушыларға әлемдік бағалардың динамикасы шамалы теріс әсер етті. 2024 жылғы 2-тоқсанда көрсеткіштің баяулауы күтілуде (КОИ күтулер бойынша 100,1 болды).

* Композиттік озыңқы индикатор (КОИ) іскерлік циклдің күрделі жерлерін анықтау үшін қолданылады және экономикалық белсенділік динамикасының жағдайы мен бағыты бойынша сапалы ақпарат береді. КОИ кәсіпорындардағы ағымдағы және күтілетін жағдайға қатысты пікіртерімізге қатысқан кәсіпорындар басшылары пікірінің жалпылама бағалауын білдіреді және нақты ЖІӨ динамикасын 1-2-тоқсанға бұрын бағалау қабілеті бар. КОИ құру ЭЫДҰ әдіснамасына негізделген («OECD System of Composite Leading Indicators, Methodology Guideline», OECD 2012).

** 2024 жылғы 2-тоқсанға арналған КОИ көрсеткіштері пікіртерімізге қатысатын нақты сектор кәсіпорындарының күтулері негізінде есептеледі.

- Кестелер мен графиктерде көрсетілген диффузиялық индекс (ДИ) оң жауаптардың қосындысы мен бейтарап жауаптардың жартысы ретінде есептеледі. Бұл индекс қаралып отырған көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпылама индикатор болып табылады. Егер оның мәні 50 деңгейден жоғары болса – бұл оң өзгерісті, ал 50 деңгейден төмен болса – теріс өзгерісті білдіреді. Диффузиялық индекстің мәні 50 деңгейінен қанша алыс (жоғары немесе төмен) болса, көрсеткіштің өзгеру (ұлғаюы немесе азаюы) қарқыны сонша жоғары болады.
- «Банктердің кредиттері бойынша қолайлы пайыздық мөлшерлеме» көрсеткіші мониторингке қатысушы кәсіпорындар өздері үшін өндірістің рентабельділігінің ағымдағы деңгейі тұрғысынан алғанда қолайлы ретінде көрсететін пайыздық мөлшерлемелердің орташасы ретінде есептеледі.
- Қаржылық коэффициенттердің көрсеткіштері жалпы алғанда пікіртерімге қатысқан кәсіпорындардың іріктемесі бойынша, сондай-ақ қажет болған кезде кәсіпорындардан алынатын тоқсан соңындағы баланс көрсеткіштерінің күтілетін мәндерінің негізінде салалар бойынша есептелген орташа мәндермен көрсетіледі. Осы бағалауларда, сондай-ақ оларға қарай орташа есептелетін бағалауларда мәндерінің абсолюттік дәлдігін алу мақсаты жоқ (себебі есептік болып табылмайды), олар экономиканың қаржылық емес секторының және оның салаларының жай-күйі өзгеру үрдістерін бағалау мен талдауды жедел алуға арналған.
- Дискриминанттық талдау кәсіпорынның қаржылық жай-күйінің барынша ақпараттық индикаторларын анықтауға және кәсіпорында дағдарыс жағдайы жақындап келе жатқанын анықтауға және осылайша, оларды сенімділік дәрежесі бойынша сыныптауға мүмкіндік береді. Кәсіпорындарды топтарға бөлу (тұрақты, қалыпты және күрделі) сыныптау функциялары арқылы жүзеге асырылады, оларда мына 3 қаржылық көрсеткіш қамтылады: бір қызметкерге шаққанда өнімді өткізуден түскен кірістің өсу қарқыны, қаржылық тәуелсіздік коэффициенті және меншікті капиталдың өсу қарқыны. Толығырақ мәлімет мына <https://www.nationalbank.kz/file/download/9013> экономикалық зерттеуде.
- Композиттік озыңқы индикатордың (КОИ) нақты ЖІӨ динамикасын 1-2-тоқсанға озыңқы бағалау қабілеті бар. КОИ-дің және нақты ЖІӨ-нің уақыт қатарларына (2005 жылғы бағалармен) маусымдық көрсеткіштер қосылмайды және үрдісі жоқ, яғни экономикалық конъюнктураның қысқа мерзімді ауытқуларына негізделген циклдік құрамдас бөлікті ғана қамтиды. Салыстыру мақсатында циклдік құрауыштар стандартталған, яғни бір (мөлшерсіз) өлшем бірлігіне келтірілген.
КОИ жалпы экономиканың нақты секторы бойынша қысқа мерзімді даму үрдістерін көрсетуге арналған. Оның мынадай қасиеттері бар: 1) озыңқы сипаты бар; 2) экономиканың нақты секторы дамуының циклдік сипаттамасын көрсетеді; 3) кәсіпорындардың жедел пікіртерімі негізінде қалыптастырылады.

ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ